

## «Жүрегімнің жылуы балаларға!» қалалық байқауын өткізу ережесі

### 1. Жалпы ережелер

1.1. Қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының педагогтеріне арналған «Жүрегімнің жылуы балаларға!» қалалық байқауын (бұдан әрі – Байқау) өткізу ережесі оның мақсатын, міндеттерін, өткізу форматы мен тәртібін айқындайды.

1.2. **Мақсаты** - қосымша білім берудегі шығармашыл педагогтерді ынталандыру, педагогтердің инновациялық технологиялар бойынша кәсіби шеберлігін арттыру.

#### 1.3. Міндеттері:

1) кәсіби қызметін жетілдіруге бағытталған қосымша білім беру педагогтерін анықтау, олардың шығармашылық ізденістерін қолдау;

2) педагогикалық идеялар, жобалар, педагогикалық шығармашылық нәтижелерімен алмасу және үздік педагогикалық тәжірибені тарату;

3) балаларды тәрбиелеу және қосымша білім беру практикасындағы мазмұнды жаңарту бойынша педагогикалық идеяларды іздеу.

1.4. Байқауды Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МКҚК (бұдан әрі – Әдістемелік орталық) өткізеді.

1.5. Байқауды ұйымдастырушылар қазылар алқасы мен ұйымдастыру комитетінің құрамын қалыптастырады.

### 2. Байқауды өткізу мерзімі

2.1. Байқау **2024 жылдың 1 - 31 қазан** аралығында өткізіледі.

2.2. Ереже талаптары бұзылған байқау жұмыстары қаралмайды.

2.3. Байқауға қатысу үшін [s.kampyshev@astana-modern.edu.kz](mailto:s.kampyshev@astana-modern.edu.kz) электрондық поштасына келесі құжаттарды жолдау қажет:

1) 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінім;

2) <https://www.youtube.com> арнасына орналастырылған бейнематериалға сілтеме.

### 3. Байқау қатысушыларына қойылатын талаптар және өткізу тәртібі

3.1. Байқауға балаларға қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының педагогтері қатысады.

3.2. Байқау **II кезеңнен** тұрады.

**I кезең** онлайн форматта өтеді.

**II кезең** офлайн форматта өтеді.

**3.3. Байқаудың I кезеңін өткізу тәртібі.** «Мен – педагогпын» атты педагогикалық қызметі туралы өзін таныстыру. Байқауға педагог табысының формуласын, жеке білім беру бағыттарын қамтитын бейнематериал қабылданады, олар:

✓ әдістемелік қызмет: қосымша білім беру бағдарламасы аясында оқытудың заманауи технологияларын қолдану (яғни мұғалімнің қызметі);

✓ оқыту және тәрбиелеу, білім беру құзыреттерін қалыптастыру бойынша практикалық іс-әрекет (яғни білім алушылардың іс-әрекеті);

✓ кәсіби қызметтің нәтижелілігі.

Бейнеролик <https://www.youtube.com> арнаға орналастырылады бейнероликтің ұзақтығы 3 минуттан аспайды. Бейнематериалдар **2024 жылғы 1 - 15 қазан** аралығында қабылданады.

**Бейнематериалға қойылатын техникалық талаптар:**

1. Бейнероликтің минималды өлшемдері -16:9 форматы үшін кем дегенде 1280 x 720 HD немесе 1920x1080 FullHD.

2. Бейнероликтің максималды ұзақтығы - 5 минут.

3. Қатысушы монтаждау кезінде форматты өз қалауы бойынша пайдаланады.

4. Дауыс және титрлік сүйемелдеуге рұқсат етіледі.

Байқау қатысушыларының материалдарына авторлық құқықтары сақталады.

**3.4. I кезеңнің байқау жұмыстарын бағалау өлшемдері:**

- шығармашылық;

- мазмұн (бейнероликтің мазмұнға сәйкестігі сақталады);

- орындау шеберлігі (өзіндік ерекшелігі, сюжеттік желінің логикасы);

- педагогтің кәсіби қызметпен байланысты қызығушылықтары мен хоббилері көрсетіледі;

- педагогтің коммуникативтік құзыреттілігі (сауаттылық, мәнерлілік, презентация логикасы);

- көрнекі қатар мен дыбыстың сапасы.

**3.5. Байқаудың II кезеңін өткізу тәртібі.** Байқаудың I кезеңінің нәтижелері бойынша жеңімпаздар II кезеңге қатысу үшін жіберіледі. Қатысушылар **16-31 қазан аралығында** (Байқауды ұйымдастырушының кестесіне сәйкес) өз білім беру ұйымдарының базасында сабақ өткізеді.

**3.6.** Байқау кезеңдерінің қорытындылары бойынша ақпарат ұйымдастырушының сайтына орналастырылады.

Қазылар алқасы бағалау өлшемдерінің тармақтарына сәйкес Байқау жұмыстарын бағалауды жүзеге асырады және Ұйымдастыру комитетіне 8-12 балл жинаған қатысушыларды II кезеңге өткізу үшін ең үздік жұмыстарды ұсынады.

**3.7. II кезеңнің Байқау жұмыстарын бағалау өлшемдері:**

- білім беру бағдарламасын іске асыруға бағытталуы;

- материалдың өзектілігі мен әдістемелік құндылығы;

- материалды жеткізу шеберлігі (сюжеттік желінің өзіндік ерекшелігі, мазмұны және қисыны);

- педагогтің пәндік құзыреттілігі (өзінің жүргізетін қызметі бойынша бейінін білуі);

- педагогтің ұйымдастырушылық құзыреттілігі (білім алушыларды қызықтыра алу қабілеті);
- педагогтің коммуникациялық құзыреттілігі (сауатты, мәнерлі, қисынды жеткізуі);
- білім алушылармен өзара іс-қимылдың нәтижелілігі;
- сабақ кезеңдерінің тиімділігі (теориялық және практикалық материалдың үйлесімі);
- жұмыстың Байқау бағытына сәйкестігі.

3.8. Өлшемшарттардың әрқайсысы бойынша 0-ден 2 баллға дейін беріледі (іске асырылмады - 0 балл, ішінара іске асырылды - 1 балл, толық іске асырылды - 2 балл).

#### **4. Байқау қорытындысын шығару және жеңімпаздарды марапаттау**

4.1. Байқау қорытындысы бойынша қазылар алқасы жеңімпаздарды анықтайды.

4.2. Байқау жеңімпаздары I, II, III дәрежелі дипломдармен марапатталады, жүлделі орын алмаған қатысушылар сертификаттарға ие болады.

4.3. Байқау нәтижелері <https://astana-modern.edu.kz/ru/> сайтында жарияланады.

4.4. Байқау қатысушылары Байқауды ұйымдастырушының сайтында өз атын, тегін, әкесінің атын және суреттерін (фотосуреттерін) орналастыруға автоматты түрде өз келісімін береді.

**«Жүрегімнің жылуы балаларға» қалалық байқауына қатысуға  
ӨТІНІМ**

<b>Қатысушының ТАӘ</b>	
<b>Білім беру ұйымы</b>	
<b>Байқау материалының тақырыбы</b>	
<b>Жұмыстың қысқа аңдатпасы</b>	
<b>Байланыс телефоны, e-mail:</b>	
<b>Бейнематериалға сілтеме</b>	

**Басшы** \_\_\_\_\_  
**ТАӘ, қолы**

\_\_\_\_\_ **2024 ж.**



«\_\_\_\_»\_\_\_\_\_2024 ж.  
№\_\_\_\_ бұйрыққа  
2 - қосымша

**«Жүрегімнің жылуы балаларға!» қалалық байқауын  
ұйымдастыру комитетінің құрамы**

<b>№</b>	<b>Аты-жөні, тегі</b>	<b>Жұмыс орны, лауазымы</b>
1	Амиргалиев Жангелді Қуандықұлы	Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МКҚК басшысының орынбасары
2	Шарипова Динара Госмановна	Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МКҚК Тәрбие және қосымша білім беру бөлімінің басшысы
3	Кампышев Серикбай Бейсембаевич	Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МКҚК Тәрбие және қосымша білім беру бөлімінің әдіскері
4	Ибраева Эльвира Айдарқызы	Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МКҚК Тәрбие және қосымша білім беру бөлімінің әдіскері
5	Қаракереева Закира Курманбековна	Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МКҚК Орта білім беру бөлімінің әдіскері